

БЕКІТЕМІН 
№6 «Ақкөгершін» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
К.М.Муринова
«02» қыркүйек 2025ж

**№6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасының
2025-2026 оқу жылындағы ата-аналарға арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – бала дамуының кепілі» ата-аналар жиналысы	Қыркүйек	Меңгеруші Топ тәрбиешілері
2.	«Әке көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» отбасылық спорттық сайыс	Қазан	Дене шынықтыру нұсқаушысы Топ тәрбиешілері
3.	«Баланың қауіпсіздігі – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті» баяндама	Қараша	Меңгеруші Топ тәрбиешілері
4.	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» психологиялық кеңес	Қаңтар	Психолог Топ тәрбиешілері
5.	«Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие» дөңгелек үстел	Наурыз	Музыка жетекшісі Топ тәрбиешілері
6.	«Мектепке психологиялық дайындық: ата-ананың қолдауы» сауалнама	Сәуір	Психолог Топ тәрбиешілері
7.	Жыл қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы	Мамыр	Меңгеруші Топ тәрбиешілері

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 01 хаттамасы

«05» қыркүйек 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

1. «Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – бала дамуының кепілі»
2. Ата-аналар жиналысы

Тыңдалды:

1. Баяндама

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – бала дамуының кепілі»

Құрметті ұстаздар және ата-аналар!

Бала – қоғамның ең басты байлығы, елдің болашағы. Баланың жан-жақты дамуы мен тәрбиелі болып өсуі ең алдымен отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысына байланысты. Сондықтан балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – бала тәрбиесінің маңызды негізі болып табылады.

Отбасы – баланың алғашқы тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-анасының камқорлығын көріп, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады. Әке мен ана балаға алғашқы әдептілік, адамгершілік, еңбекқорлық, сыйластық сияқты қасиеттерді үйретеді. Ал балабақша баланың қоғамға бейімделуіне, білім алуға қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал етеді.

- 2.Ата-аналар жиналысының жоспары

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы – бала дамуының кепілі»

Мақсаты:

Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілікті түсіндіру, бала дамуына қолайлы орта қалыптастыру.

ШЕШІМ:

1. Баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне белсенді қатысуына жағдай жасалып, бірлескен іс-шаралар саны арттырылсын.
3. Баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты туындаған мәселелерді бірлесіп шешу үшін ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара байланыс тұрақты ұйымдастырылсын.
4. Отбасылық құндылықтарды насихаттау және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында консультациялар, семинарлар және дөңгелек үстелдер өткізілсін.
5. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарда ата-аналардың жауапкершілігі күшейтілсін.
6. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп, балабақша жұмысының сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлансын.
7. Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қарым-қатынасты дамыту келесі оқу жылында да жалғастырылсын.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог, ата-аналар комитеті.

Мерзімі: оқу жылы бойы.

Төрағасы:

Хатшы:



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

**«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 02 хаттамасы**

«10» қазан 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, дене тәрбиесі нұсқаушысы, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

«Әке көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» отбасылық спорттық сайыс

Тыңдалды:

Отбасылық спорттық сайыс сценарийі

Тақырыбы: «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер»

Максаты:

Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа және бір-бірін қолдауға тәрбиелеу.

Қатысушылар: Балалар және олардың ата-аналары

Құрал-жабдықтар: Дөптар, кегли, құрсаулар, жалаушалар, қапшықтар, арқан, марапаттау қағаздары.

Сайыс барысы

Жүргізуші:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар, балалар және қонақтар! Бүгін біз «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» атты отбасылық спорттық сайысымызды бастаймыз.

Халық даналығында: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Бала тәрбиесінде ата-ананың орны ерекше. Бүгінгі сайысымызда отбасылар өздерінің ептілігі мен ұйымшылдығын көрсетеді.

Ұран:

«Денсаулық – зор байлық!»

Командаларды таныстыру

Әр отбасы өз атауын және ұранын айтады.

1-сайыс: «Кім жылдам?»

Шарты: Ата-ана мен бала белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кері қайтады.

2-сайыс: «Допты жеткіз»

Шарты: Допты құлатпай алып өтіп, мәреге жеткізу.

3-сайыс: «Кедергілерден өт»

Шарты: Құрсау арқылы өтіп, кегли арасымен жүгіру.

4-сайыс: «Қаппен секіру»

Шарты: Қаптың ішінде секіріп жарысу.

5-сайыс: «Арқан тарту»

Барлық қатысушылар бірге күш сынасады.

Қорытынды

Жүргізуші:

Бүгін біз жеңімпаздарды ғана емес, ұйымшыл, белсенді және тату отбасыларды көрдік. Бала үшін ата-ананың үлгісі – ең үлкен тәрбие мектебі.

Марапаттау рәсімі:

«Ең ұйымшыл отбасы»

«Ең белсенді отбасы»

«Ең шапшаң отбасы»

«Үлгілі отбасы»

Қорытынды сөз:

«Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер» демекші, ұрпақ тәрбиесі әрқашан отбасыдан басталады.

Назарларыңызға рақмет!

Шешім:

1. «Әке көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» отбасылық спорттық сайысы жоғары деңгейде өткізілді деп есептелсін.
2. Отбасылық спорттық іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру жалғастырылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында ата-аналармен бірлескен жұмыстар күшейтілсін.
4. Отбасылардың балабақша өміріне белсенді қатысуына қолдау көрсетілсін.
5. Белсенді қатысқан отбасылар марапатталып, алғыс хаттармен ынталандырылсын.

Төрағасы:

Хатшы:

К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 03 хаттамасы

«20» қараша 2025 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

«Баланың қауіпсіздігі – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті»
Баяндама

Тыңдалды:

Тақырыбы: «Баланың қауіпсіздігі – отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті»
Бала – өміріміздің мәні, болашағымыздың жалғасы. Әрбір ата-ана мен тәрбиешінің басты мақсаты – баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау. Баланың қауіпсіздігі тек отбасының немесе тек балабақшаның міндеті емес, ол – екі жақтың ортақ жауапкершілігі.

Отбасы – бала тәрбиесінің алғашқы ортасы. Бала өмірдің алғашқы қадамдарын отбасында үйренеді. Ата-аналар баланы қауіпсіздік ережелеріне кішкентай кезінен бастап үйретуі қажет. Мысалы, көшеде жүру тәртібі, жол қозғалысы ережелері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау, электр құралдарын қолдану және тұрмыстық қауіпсіздік мәселелері туралы түсінік беру маңызды.

Ал балабақша – баланың қоғамға бейімделу ортасы. Балабақшада балалар күнделікті тәртіпті сақтауға, қауіпсіз мінез-құлыққа және өз денсаулығын қорғауға үйренеді. Тәрбиешілер балаларға ойын барысында, оқу қызметі кезінде және күнделікті әрекеттер арқылы қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді. Қазіргі кезде балалардың қауіпсіздігі бірнеше бағытты қамтиды:

Дене қауіпсіздігі – жарақаттанудан сақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру;

Жол қауіпсіздігі – жолда жүру ережелерін үйрету;

Өрт қауіпсіздігі – отпен ойнамау және төтенше жағдай кезінде әрекет ету;

Ақпараттық қауіпсіздік – интернет пен телефонды дұрыс пайдалану;

Психологиялық қауіпсіздік – баланың өзін еркін және сенімді сезінуі.

Отбасы мен балабақша бірлесе жұмыс істеген жағдайда ғана бала өзін қауіпсіз сезінеді. Ата-аналар мен тәрбиешілер үнемі байланыста болып, баланың мінез-құлқы, қызығушылығы және күнделікті жағдайлары туралы ақпарат алмасып отыруы қажет. Бұл баланың қауіпсіз ортада дамуына мүмкіндік береді.

Балаға қауіпсіздік ережелерін тек сөзбен айтып қана қоймай, оны іс жүзінде көрсету маңызды. Себебі бала үлкендердің іс-әрекетіне қарап өседі. Егер ата-ана мен тәрбиеші қауіпсіздік талаптарын сақтаса, бала да соны қайталайды. Қорытындылай келе, бала қауіпсіздігі – барлығымызға ортақ міндет. Баланың амандығы мен жарқын болашағы үшін отбасы мен балабақша бірлесіп жұмыс жасауы қажет. Бала өзін қауіпсіз сезінген жерде ғана толыққанды дамып, бақытты өмір сүре алады.

ШЕШІМ:

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық күшейтілсін.
2. Ата-аналарға балалардың үйдегі, көшедегі, қоғамдық орындардағы және интернет кеңістігіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Балаларға қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүйелі түрде әңгімелер, ойындар, жаттығулар және практикалық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналар тарапынан балаларды балабақшаға уақытылы әкелу және алып кету, қауіпсіздік талаптарын сақтау қатаң бақылауға алынсын.
5. Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналарға қауіпсіздік ережелері бойынша жадынамалар мен кеңестер таратылсын.

Төрағасы:

Хатшы:

К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 04 хаттамасы

«23» қаңтар 2026 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі

Психологиялық кеңес

Тыңдалды:

Психологиялық кеңес

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Құрметті ата-аналар!

Бала тәрбиесі – әр отбасының ең маңызды міндеттерінің бірі. Баланың мінез-құлқы, өмірге көзқарасы, қарым-қатынасы және тұлға болып қалыптасуы көбінесе отбасындағы тәрбиеге байланысты. Ата-ана – бала өміріндегі алғашқы ұстаз әрі үлгі болатын тұлға.

Психологтардың айтуынша, бала көбіне айтылған сөзден емес, үлкендердің іс-әрекетінен үйренеді. Сондықтан ата-ананың әрбір әрекеті, сөйлесу мәнері, қарым-қатынасы бала тәрбиесіне тікелей әсер етеді.

Ата-аналарға психологиялық кеңестер:

1. Балаңызды жақсы көретініңізді жиі білдіріңіз.

Бала ата-анасының мейірімін сезінгенде өзін қауіпсіз және бақытты сезінеді.

2. Баламен күн сайын сөйлесуге уақыт бөліңіз.

Оның күні қалай өткенін сұрап, пікірін тыңдаңыз.

3. Баланың ойын құрметтеңіз.

Баланың ойын тыңдау оның өзіне деген сенімін арттырады.

4. Мектеп, колдау көрсетіңіз.

Кішкентай жетістіктерінің өзін бағалау балаға үлкен мотивация береді.

5. Басқалармен салыстырмаңыз.

«Сен ана бала сияқты бол» деген сөздер баланың көңіліне кері әсер етеді.

6. Балаға үлгі болыңыз.

Әдептілік, мейірімділік, жауапкершілік алдымен үлкендердің ісінен көрінуі керек.

7. Тыйым салумен шектелмеңіз.

Неліктен болмайтынын түсіндіріп айтыңыз.

Жаднама:

Баланы тыңдаңыз;

Баланы құрметтеңіз;

Баланы колданыз;

Баланы қорқытпаңыз;

Баламен бірге уақыт өткізіңіз.

Қорытынды:

Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілік. Мейірім мен түсіністікке негізделген тәрбие ғана баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Балаңызға беретін ең қымбат сыйлық – сіздің махаббатыңыз бен назарыңыз.

Назарларыңызға рақмет!

ШЕШІМ:

1. Ата-аналар бала тәрбиесіндегі өз жауапкершілігін сезініп, балаға үлгі болатын жағымды мінез-құлық қалыптастыруға көңіл бөлсін.
2. Отбасында баланың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ететін қолайлы эмоционалдық орта қалыптастырылсын.
3. Баланың жас ерекшелігі ескеріліп, оның жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын дамытуға жағдай жасалсын.
4. Ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту мақсатында күнделікті ашық әңгімелесу, бірлескен іс-әрекеттер ұйымдастырылсын.
5. Баланың жетістіктерін мадақтап, өзіне деген сенімділігін арттыруға бағытталған тәрбиелік жұмыстар жүргізілсін.

Төрағасы:

Хатшы:

К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 05 хаттамасы

«13» наурыз 2026 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

«Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие»

Дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Дөңгелек үстел сценарийі

Тақырыбы: «Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие»

Мақсаты:

Отбасылық құндылықтардың маңызын түсіндіру, ұлттық тәрбиені насихаттау, ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

Ұлттық тәрбиенің бала өміріндегі орнын түсіндіру;

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу;

Ата-аналар арасында пікір алмасу ұйымдастыру.

Қатысушылар: Тәрбиешілер, ата-аналар, қонақтар.

Көрнекіліктер: Нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, ұлттық бұйымдар, презентация, балалардың шығармашылық жұмыстары.

Дөңгелек үстел барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Жүргізуші сөзі:

Қайырлы күн, құрметті ата-аналар мен қонақтар! Бүгінгі дөңгелек үстеліміздің тақырыбы – «Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие».

Отбасы – адам өміріндегі ең маңызды орта. Ал ұлттық тәрбие – ұрпақ бойына халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін сіңірудің негізі.

2. Кіріспе бөлім

Нақыл сөз:

«Отан – отбасынан басталады».

Жүргізуші қысқаша түсіндірме береді.

3. Негізгі бөлім

Баяндама:

Отбасылық құндылықтарға сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет, мейірімділік, адалдық, жауапкершілік жатады. Осындай қасиеттер бала бойына алдымен отбасында қалыптасады.

Ұлттық тәрбие – ұлттың рухани мұрасын ұрпаққа жеткізу. Қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Халқымыздың салт-дәстүрлері мен мақал-мәтелдері тәрбиелік мәнге ие.

4. Пікірталас сұрақтары

Отбасындағы басты құндылықтар қандай?

Ұлттық тәрбиені балаға қалай сіңіруге болады?

Қазіргі балалар тәрбиесінде қандай қиындықтар бар?

Салт-дәстүрлердің бүгінгі маңызы қандай?

5. Тренинг: «Отбасы ағашы»

Ата-аналарға қағаз беріледі. Олар ағаштың:

тамырына – отбасы құндылықтарын;

діңіне – отбасының негізгі қағидаларын;

жапырағына – балаға бергісі келетін қасиеттерді жазады.

6. Мақал-мәтел жалғастыру

Жүргізуші бастап айтады:

«Ұяда не көрсең...» (ұшқанда соны ілерсің)

«Әкеге қарап ұл өсер...» (шешеге қарап қыз өсер)

«Отан...» (отбасынан басталады)

7. Қорытынды

Жүргізуші:

«Бала тәрбиесінің бастауы – отбасы. Ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпақ бойына сіңіру – баршамыздың міндетіміз. Отбасындағы тәрбие мен ұлттық рух ұштасқанда ғана саналы ұрпақ қалыптасады.»


ШЕШІМ:

1. Балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде отбасының рөлін арттыру және ата-аналардың жауапкершілігін күшейту қолға алынсын.
2. Отбасында қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық мәдениеті мен рухани құндылықтарын дәріптеу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

3. Балаларды үлкенді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға, туған жерін, тілін және елін сүйуге тәрбиелеуде отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы жалғастырылсын.
4. Отбасылық құндылықтарды нығайту мақсатында ата-аналар мен балалардың қатысуымен тәрбиелік іс-шаралар, кездесулер және шығармашылық байқаулар ұйымдастырылсын.
5. Ұлттық ойындарды, халық ауыз әдебиеті үлгілерін және дәстүрлі мерекелерді тәрбие процесінде кенінен пайдалану ұсынылсын.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 06 хаттамасы

«15» сәуір 2026 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, педагог-психолог, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Муринова

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

«Мектепке психологиялық дайындық: ата-ананың қолдауы»

Сауалнама

Тыңдалды:

Сауалнама

Тақырыбы: «Мектепке психологиялық дайындық және ата-ананың қолдауы»

Құрметті ата-аналар!

Сауалнамаға шынайы жауап беруіңізді сұраймыз. Бұл балаңыздың мектепке психологиялық дайындығын анықтауға және ата-ананың қолдау деңгейін бағалауға көмектеседі.

Ата-ананың аты-жөні: _____

Баланың аты-жөні: _____

Күні: _____

1. Балаңыз мектепке баруға қызығушылық таныта ма?

☐ Иә

☐ Жок

☐ Кейде

2. Балаңыз мектеп туралы қандай сезімде?

☐ Қуанышпен күтеді

☐ Аздап алаңдайды

☐ Қорқады

☐ Білмеймін

3. Балаңыз тапсырманы соңына дейін орындай ала ма?

☐ Иә

☐ Кейде

☐ Жок

4. Балаңыз өз ойын еркін жеткізе ала ма?

☐ Иә

☐ Кейде

☐ Жок

5. Балаңыз басқа балалармен тез тіл табыса ма?

☐ Иә

☐ Кейде

☐ Жок

6. Балаңыз күн тәртібін сақтай ма?

☐ Иә

☐ Кейде

☐ Жок

7. Үйде балаңызбен бірге оқу немесе дамыту жұмыстарына уақыт бөлесіз бе?

☐ Күн сайын

☐ Кейде

☐ Өте сирек

8. Балаңыздың жетістіктерін мақтап, қолдап отырасыз ба?

☐ Әрқашан

☐ Кейде

☐ Сирек

9. Балаңыздың қиындықтары туралы онымен сөйлесесіз бе?

☐ Иә

☐ Кейде

☐ Жок


10. Балаңызды мектепке психологиялық тұрғыдан дайындау үшін қандай қолдау көрсетесіз?

ШЕШІМ:

1. Сауалнама қорытындысы ата-аналарға таныстырылып, балаларды мектепке психологиялық даярлау бойынша ұсыныстар берілсін.
2. Балалардың мектепке бейімделуіне қолайлы жағдай жасау мақсатында ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары жалғастырылсын.
3. Баланың мектепке деген жағымды көзқарасын қалыптастыру үшін отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық күшейтілсін.
4. Ата-аналар баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, дербестігін дамытуға және оқу әрекетіне қызығушылығын қалыптастыруға көңіл бөлсін.

Төрағасы:

Хатшы:



К.М.Муринова

Сырымбетова Н.Ө.

«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК
ата – анамен жұмыс жоспарының
№ 07 хаттамасы

«21» мамыр 2026 ж.

Қатысқандар: Топ тәрбиешілері, ата-аналар

Төрағасы: К.М.Мурينو

Хатшы : Сырымбетова Н.Ө.

Күн тәртібінде:

Жыл қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысының сценарийі

Тақырыбы: «Жыл қорытындысы»

Максаты:

Оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылау, балалардың жетістіктерін талдау, ата-аналармен кері байланыс орнату және алдағы мақсаттарды белгілеу.

Қатысушылар: Тәрбиеші, ата-аналар

Көрнекіліктер: Презентация, фотосуреттер, балалардың жұмыстары, дипломдар, алғыс хаттар.

Жиналыс барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші сөзі:

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі жиналысымызға қош келдіңіздер! Бір оқу жылының қалай өткенін қорытындылау үшін бас қосып отырмыз. Осы уақыт ішінде балаларымыз өсіп, дамып, көптеген жаңалықтарды үйренді.

2. Кіріспе бөлім

Психологиялық жаттығу: «Жылы лебіз»

Ата-аналар өз баласына арнап бір жылы сөз немесе тілек айтады.

3. Негізгі бөлім

Жылдық жұмыс қорытындысы

Осы оқу жылы барысында балалармен төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді

Танымдық дамыту;

Тіл дамыту жұмыстары;

Шығармашылық әрекеттер;

Дене тәрбиесі;

Әлеуметтік және қарым-қатынас дағдылары;

Ұлттық тәрбие жұмыстары.

Балалардың жетістіктері:

Жаңа білім мен дағдыларды меңгерді;

Өзіндік ойлау қабілеттері дамыды;

Қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасты;

Белсенділік пен шығармашылықтары артты.

4. Ата-аналармен пікір алмасу

Сұрақтар:

Балаңызда қандай өзгерістер байқадыңыз?

Балаңыздың қандай жетістігі сізді қуантты?

Балабақша жұмысына қандай ұсыныстарыңыз бар?

5. Сауалнама

«Балабақша жұмысына көзқарасыңыз»

1. Балабақша жұмысына көңіліңіз тола ма?

☐ Иә

☐ Жок

☐ Жартылай

2. Тәрбиешімен байланыс деңгейі:

☐ Жаксы

☐ Орташа

☐ Төмен

3. Ұсыныстарыңыз:

6. Марапаттау

Белсенді ата-аналарға алғыс хаттар табыстау.

7. Қорытынды сөз

Құрметті ата-аналар! Балалардың жетістігі – тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Бір жыл бойы көрсеткен қолдауларыңыз бен ынтымақтастықтарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Балаларымыздың болашағы жарқын болсын!

Назарларыңызға рақмет!

ШЕШІМ:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша балабақша ұжымының оқу-тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқу жылы барысында жүргізілген білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру және ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарының нәтижелері назарға алынсын.

3. Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қарым-қатынас келесі оқу жылында да жалғастырылсын.
4. Ата-аналардың сауалнамалары мен ұсыныстары талданып, келесі оқу жылының жұмыс жоспарын әзірлеу барысында ескерілсін.

Төрағасы:

Хатшы :



К.М.Мурнинова

Сырымбетова Н.Ө.